



МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, білім алушылардың хореографиялық, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында «Ақ шағала» аудандық хореографиялық фестиваль-байқауы ұйымдастырылып өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Аудандық байқауға жалпы орта, негізгі және қосымша білім беру мекемелерінің оқушылары қатыса алады.

Байқауға қатысу үшін өтінімдер №1 қосымша сәйкес abb_elzat@mail.ru электронды поштасына 2025 жылдың 26 ақпанына дейін қабылданады. Байқаудың ережесі қосымша тіркелген.

Ескерту: аудандық байқауға қатысатын оқушыларды алып бару, алып келу және оқушылардың өмір қауіпсіздігіне толық жауапкершілік жетекшілеріне жүктеледі. Бекітілген жетекшілердің қолында ата-аналардың келісім-парақтары болуы міндетті.

Қосымша: 3 парақта

Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы



М.Сванов

«БЕКІТБІН»
Т.Рысқұлов ауданының білім
бөлімінің басшысы
М.Сванов
«31» қаңтар 2025 жыл



«Ақ шағала» аудандық хореографиялық фестиваль-байқауын өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. «Ақ шағала» аудандық хореографиялық фестиваль-байқауын (бұдан әрі – Фестиваль-байқау) өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін, форматын, өткізу және қорытынды шығару тәртібін анықтайды.

2. Фестиваль-байқаудың мақсаты: білім алушылардың хореографиялық, шығармашылық қабілеттерін дамыту, үйлесімді тұлғаны тәрбиелеу және әрі қарай дамыту бойынша жүйелі және мақсатты жұмысты жүргізуге жағдай жасау, рухани-адамгершілік пен мәдени құндылықтарға араластыру.

3. Фестиваль-байқаудың міндеттері:

- 1) білім алушыларды хореография өнеріне, тарихи мұраға араластыру, оларды белсенді шығармашылық қызметіне тарту, әлеуметтендіру;
- 2) бишілік мәдени дәстүрлерді қайта қалпына келтіру, би мәдениетінің тарихын зерттеу;
- 3) білім алушыларды тұлғалық шығармашылық, олардың әлемді эмоциямен танудағы эстетикалық сезімдерін дамыту;
- 4) білім алушылардың эмоциялық қырларын және шығармашылық қабілеттерін ашу, заманауи өнердегі ұлттық дәстүрлерді сақтау;
- 5) білім алушылардың патриоттық сезімін, ұлттық мәдениет, ұлттық дәстүрлерді құрметтеу және ұқыпты көзқараспен қарауды тәрбиелеу;
- 6) шығармашылықпен айналысатын педагогтерді ақпаратпен қолдау, ұжымдар арасындағы шығармашылық байланыстарды кеңейту және білім беру ұйымдарының педагогтері арасында тәжірибе алмасу.

Фестиваль-байқауды Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі мен Балалар мен жасөспірімдер орталығы өткізеді.

Қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын фестиваль-байқауының ұйымдастырушылары қалыптастырады.

2. Фестиваль-байқауды өткізу мерзімі мен тәртібі

Аудандық байқауға мекеме басшыларының қолымен Фестиваль-байқауға қатысуға өтінімдер, сондай-ақ байқау жұмыстары электронды түрде **2025 жылдың 26 ақпанына дейін** abb_elzat@mail.ru электрондық поштаға жолдауларыңызды сұранамыз. **2025 жылғы 26 ақпаннан** кейін түскен,

сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

Аудандық іріктеу кезеңі –2025 жылдың 28 ақпан күні өткізіледі.
(өткізілетін орны қосымша хабарланады)

Сұрақтар бойынша: 87754311985 - Тилеубаева Эльзат
Аязкүлқызына хабарласуға болады.

Өтінімге қоса мыналар тіркеледі:

1) қатысушылар туралы мәліметтер (Т.А.Ә., туған жылы, сыныбы, топ жетекшісінің Т. А. Ә., жұмыс орны, лауазымы, жетекшісінің ұялы телефондары;

2) қатысушылардың, топ жетекшісінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері қоса беріледі.

3. Фестиваль-байқауға қатысушылар

1.Фестиваль-байқауға орта және қосымша білім беру ұйымдарының би ұжымдары қатысады. Қатысушылардың жасы – 10 - 17 жас.

2. Қатысушылардың жалпы саны – 8 білім алушы

Ескерту : қатысушылардың жалпы саны – 8 білім алушы + 1 жетекшіден кем және аспау қажет!

8. Фестиваль-байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1) халық биі және халықтық стильдегі би:

а) әлем халықтарының билері;

б) қазақ биі;

2) заманауи би:

а) эстрадалық би;

б) аралас би.

Би ұжымдары әр номинацияға ұзақтығы 5 минутқа дейін **бір** байқау нөмірін ұсынады.

Регламент: Би ұжымдары әр номинацияда ұзақтығы 5 минутқа дейін **бір** конкурстық нөмірден ұсынады.

Бағалау критерийлері:

- *Стильдердің үйлесімінің өзгергіштігі, өзіндік ерекшелігі және үйлесімділігі;*
- *Композициялық шешім;*
- *Би қойылымы-идея;*
- *техника және орындау деңгейі;*
- *жоғары сапалы орындау*
- *көркемдік және сюжеттік;*
- *сахналық көрініс (костюм).*

4. Қорытынды шығару және фестиваль-байқаудың жеңімпаздарын марапаттау.

Фестиваль-байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

Ескерту: аудандық байқауға қатысатын оқушыларды алып бару, алып келу және оқушылардың өмір қауіпсіздігіне толық жауапкершілік жетекшілеріне жүктеледі. Бекітілген жетекшілердің қолында ата-аналардың келісім-парақтары болуы міндетті.

Қосымша 1

Өтінім

«Ақ шағала» аудандық хореографиялық фестиваль-конкурсына қатысуға

Ұжым атауы	
Номинацияның аталуы	
Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (толық)	
Туған күні, айы, жылы	
Тұрғылықты мекен-жайы, (облыс, қала, ауыл, телефон)	
Баратын қосымша білім беру ұйымы	
Жетекшінің тегі, аты, әкесінің аты (толығымен)	
байланыс телефоны, адресі	